Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 15 желтоқсан №1912-25-00-2/2418 Қонаев қаласы
Алматы облысы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Қожахметов,
сот отырысының хатшысы Д.Даниярқызын ала отырып,
ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының қорғаныс Министрлігінің Қонаев қаласы аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Dreamhigh» атынан әрекет ететін Лавакбаева Асия Кажымухановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР:
прокурор Уразбаев Н.
талап қоюшының өкілі Ахметов А.К.
жауапкер Лавакбаева А.К.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 28 қаңтарда «Қонаев қаласы аудандық пайдалану бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Dreamhigh» атынан әрекет ететін Лавакбаева Асия Кажымухановна (бұдан әрі – Кәсіпкер, өнім беруші) тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №250001/00 шартқа (бұдан әрі- Шарт) қол қойған.

Шарт бойынша және шартқа қоса тіркелген қосымшаларға сәйкес Өнім беруші тауарды, яғни 200 текше метр отынды Тапсырыс берушінің

өтініші бойынша 2025 жылдың 1 қыркүйегіне дейін жеткізіп беруге міндеттелген. Шарттың жалпы соммасы 2 444 400 теңгені құрайды.

Шарттың 8.1 бөлігіне сәйкес Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2025-09-01 дейін қолданылады.

Шарт қазынашылықта 2025 жылғы 28 қаңтарда тіркелген.

Алайда, Өнім беруші өзіне алған міндеттемені тиісті түрде орындамаған, Шарт бойынша тек 22 текше метр отын жеткізілген. 2025 жылғы 23 тамыздағы Тапсырыс берушінің өтініші бойынша қалған отын 2025 жылғы 01 қыркүйекке дейін жеткізілмеген.

Мекеме жоғарыда аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, шарт бойынша өзіне алған мендеттемені тиісті түрде орындамағаны үшін Кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды, 68 443 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіру сұраған.

Жауапкерден жазбаша қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі қойылған талаптарды толығымен қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысында талап қоюды ішінара қанағаттандыруды сұрады, тұрақсыздық айыбын төлеуге дайын екендігін білдіріп, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тамыдауды сұрады.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деген қорытынды жасады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі- АК) 272-ші бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 8 бабы 4 тармағы 4) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Іс құжаттарын талқылау мен оларды сот отырысында зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Кәсіпкер жоғарыда аталған Шартқа қол қойып, Тапсырыс берушіге тауарды жеткізіп беруге міндеттелген.

Сондай-ақ, АК-тің 277-ші бабының 1-ші бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Алайда, жауапкер жоғарыда көрсетілген Шарт бойынша өзіне алған міндеттемені тиісті түрде толықтай орындамады.

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 17.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.01.2026, судья Кожахметов Б. А., 22.01.2026
1912-25-3-1/2685

Заңның 8 бабы 4 тармағының талаптары бойынша, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілерді тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюын Заңның талабына сәйкес Шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

Істің мұндай тұрғысында, сот дәлелдемелердің жиынтығын бағалай келе, талап қоюшының уәжімен келісіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады, сондықтан қанағаттандыруға жатады.

№2 талап бойынша

Заңының 43 бабы 24 тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады).

Талап қоюшы жауапкерден Шарттар бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны үшін 28 күнге 68443,2 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен Шарт бойынша алған міндеттеме толығымен орындалмаған. Сол себептен талап қоюшының 68 443,2 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағатандыруға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-шы бабының 1-ші бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 4019 тенге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 17.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 19.01.2026, судья Кожахметов Б. А., 22.01.2026
1912-25-3-1/2685

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын талаптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының қорғаныс Министрлігінің Қонаев қаласы аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Dreamhigh» атынан әрекет ететін Лавакбаева Асия Кажымухановна қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Dreamhigh» атынан әрекет ететін Лавакбаева Асия Кажымухановна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Dreamhigh» атынан әрекет ететін Асия Кажымухановна Лавакбаевадан мемлекет пайдасына 68 443 (алпыс сегіз мың төрт жүз қырық үш) теңге тұрақсыздық айыбы, 4019 (төрт мың он тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Қожахметов Б.А.**

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 17.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.01.2026, судья Кожахметов Б. А., 22.01.2026

1912-25-3-1/2685